

**Павлодар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі "Павлодар ауданының қылмыстық-атқару жүйесі пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" № 142/4 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 05 ақпандағы № 47/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 ақпанда № 4935 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес, Павлодар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі "Павлодар ауданының қылмыстық-атқару жүйесі пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4474 тіркелген, 2015 жылғы 28 мамырдағы "Заман тынысы" № 21 (8039), "Нива" № 21 (208) газеттерінде жарияланған) № 142/4 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының кіріспесінде "Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 21-бабының 1-тармағына" сөздері мен сандары "Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 7) тармақшасына" сөздері мен сандарымен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Бабенко*